

теориялық еңбектеріне сүйене отырып, аударма түрін ұсындық. Сонымен қатар, «Сленг» терминінің шығу тегін, даму кезеңдерін көрсетіп, қазіргі заманғы ағылшын сленгтерінің басты сипаттарын ажыраттық. Сленгтерді қазақ тіліне аудару – аса күрделі де, қызықты жұмыс десе болады. Сленгтерді қазақ тілімізге аудару – қазақ тілінің дамуының белгісі. «Галактика сақшылары» секілді көркем фильмдерді түпнұсқадан бірден қазақ тіліне аудару – қазақ кинематографиясының өркендеуінің белгісі. Демек, сленгтерді сапалы аудару мәселесіне көбірек назар аударған жөн. Өз тарапымыздан болашақта сленгтерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару кезіндегі болуы мүмкін қиындықтарды шешудің екі шешімін ұсынып отырмыз: 1) ағылшын – қазақ тілінде сленгтер сөздігін құрастыру (кітапша немесе электрондық нұсқасында); 2) тілге қатысты кітаптарда сленгтерге арналған тарау көлемін ұлғайтып, барынша сленг жайлы көп ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Стюарт Б. Флекснер. «Словарь американского сленга» - 5 б.
2. Корней Чуковский. «Живой как жизнь». 5 тарау - 329 б.
3. «Ask a Linguist» журнал - 6-8 с.
4. Jespersen O., «Mankind, nation and individual from a linguistic point of view», Bloomington, 1964 – 59 с.
5. Арнольд И.В., *Стилистика. Современный английский язык*. ... Под выдвигением И.В. язык Учебник. 4-е изд., испр. и доп. М. Флинта, Наука, 2002 – 80
6. Ломтев, А. Г., Корпоративный жаргон лиц, потребляющих наркотики. teneta.ru. Проверено 22 марта 2008. Архивировано из первоисточника 22 августа, 2011.
7. Никитина Т. Г., Толковый словарь молодёжного сленга. – АСТ, Астрель, Хранитель, 2007. – 256 с. – 10 000 экз. – ISBN 5-17-022262-9, ISBN 5-271-08297-0, ISBN 5-9762-2082-7.
8. <http://tengrinews.kz/cinema/dublyaj-filma-straji-galaktiki-kazahskiy-yazyik-oboshelsya-259532/>

Блялова А.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, Пс – 21 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші* – психология магистрі, аға оқытушы **Игембаева К.С.**)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУТИЗМ ДИАГНОЗЫ БАР БАЛАЛАРҒА ДЕГЕН ҚАТЫНАСЫ

Қазіргі кезде психология ғылымында көп ғалымдарды қызықтырып, біршама зерттеушілердің негізгі тақырыбына айналып, бірақ зерттеу жұмыстарына келгенде түйіні әлі шешілмей отырған күрделі мәселенің бірі – аутизм. Аутизм - (гр. autos - өзім) - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі.

Ең алғаш аутизм деген терминді 1912 жылы швейцар психиатрі Э.Блейлер ұсынған. Аутизм ауруын алғаш ашып, зерттеген американ психиатрі Лео Каннер [1, 56].

Аутизм ауруының себептеріне келетін болсақ, көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Сонымен қоса, тұқымқуалаушылық фактордың әсері, оны ішінде хромосомалық өзгерістер де әсерін тигізе алатынын көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен қатар мидың органикалық зақымдалуы да балалардың аутист болуына өз ықпалын тигізетіні кей ғалымдардың пікірлерінде айтылады. Сонымен бірге зат алмасу өзгерістері, анасының жүктілік кезінде және туу кезінде алған жарақаттары, нейроинфекциялар, т.б. жағдайлар өз әсерін тигізбей қоймайтыны анық.

Бұл аурудың бастапқы көрінісі бірнеше белгілермен сипатталады. Практикалық жұмыстарда көрсетілгендей, аутизм диагнозын балаға 3 жасында қояды. Бұл жаста ол әлеуметтік тұрғыда дамып, өзгелермен қарым-қатынас жасайды. Егер бала ешкіммен ойнамай, өзін шақырғанға көңіл аудармай, жалпы дамуы тежеліп, тұйықтала бастаса, ауырсыну сезімі жоқ болса, ешқандай эмоция көрсетпесе, аутизмнің бастапқы белгілері пайда болып келе жатқандығын білдіреді [2, 46-48].

Л.Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тауып, аутизмнің келесідей көрсеткіштерін ажыратады:

- Жалғыздықты жақсы көру;
- Ешбір адаммен көзбе-көз контакт орнатпау;
- Мимикасының, дауысының, дыбысының ырғағының, ым-ишарасының болмауы;
- Бағытының шарттары тұрақты болуына тырысуы;

- Эмоциялық тұрғыдан ешкіммен араласпау;
- Біркелкі қимылдарды қайталай беру.

Қазақстандағы осы мәселеге қатысты «Spectrum United Now» қоғамдық қорының президенті Данар Жоламанова осы аурудың негізгі белгілері ретінде мыналарды атады: баланың сөйлеу кезінде қиналуы, не мүлдем сөйлемей, көзге тура қарамау, адамдармен араласа алмау және қайталана беретін қимыл-қоғалыстар жасауы, яғни баланың ұзақ уақыт бойы тек бір нәрсемен айналысып отыра беруі, стереотипті әрекет жасауы.

Аутистік диагнозға байланысты көптеген статистикалық мәліметтер бар. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы зерттеулері бойынша, әлемдегі әр 50-ші бала аутизм дертіне шалдыққан. 10-20 жыл бұрын 10 мың баланың 3-4-тен 10-15 оқиға тіркелген болса, ал қазіргі кезде АҚШ-та орта есеппен алғанда, 200 баланың біреуі, Англияда да 80 баланың біреуі, ал кейбір елдерде бұдан да көп аутизм диагнозы бар балалар дүниеге келеді екен [3, 87].

Сонымен қатар, соңғы жылдарда әлемде аутизмнің өсуі эпидемиясы тіркелген. Елімізде мұндай дертке шалдыққан бүлдіршіндердің саны, соңғы деректерге сүйенетін болсақ 3000 шамасында екен. Облыстық психо-медико-педогогикалық консультациялардың мәліметтері бойынша, аутизм диагнозы бар балалардың саны 2002 жылы 93 бала болса, 2009 жылы аутист балалар саны 326-ға жеткендігі жайында «Spectrum United Now» қоғамдық қорының президенті Данар Жоламанова айтып өтті [4].

Зерттеу жұмысымыздың объектісі болып отырған мәселе - бастауыш сынып оқушыларының аутизм диагнозы бар балаларға деген қатынасын анықтау.

Балалық шақтағы аутизм диагнозының өту сипаты әртүрлі болады және аутизммен ауыратын балада сөйлеу дамуының деңгейлері әртүрлі болады. Л.Каннер бойынша ерте балалықшақтағы аутизм синдромы мынадай көрсеткіштерін біріктіреді: аутистикалық уайымдар; стеротипті, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық; сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер.

Балалық шақтағы аутизм ауруының ерекшеліктерін толықтай түсіну үшін, ең алдымен теорияны біле отырып, алынған нәтижені практика жүзінде іске асыру қажет. Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызды Қарағанды қаласының, Жанаарқа ауданының орта мектептерінің бірінде, 4-сынып оқушыларының арасында аутизммен ауыратын балаға деген қатынасын анықтау мақсатында зерттеу жұмысы ұйымдастырылды. Зерттеу әдістемесі ретінде, бастауыш сынып оқушыларының аутизм диагнозы бар балаларға қатынасын анықтауға бағытталған, авторлық анкета құрастырылды. Анкета сұрақтары он сұрақтан тұрып, нәтижелері контент-талдау арқылы өңделді. Сыналушылардың жауаптарын контент-талдауының негізінде 7 категорияға бөлінді. Сыналушылардың жауаптарына байланысты А – категориясы «Аутизм» ұғымы жайлы ақпарат деп аталып, нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының осы диагноз туралы қаншалықты білетіндігін анықтай алдық. Осыған орай, оқушылардың 92%-ы бұл диагноз туралы хабардар екендігі анықталса, қалған оқушылардың 8%-ы бұл ұғыммен мүлдем таныс емес. Б- «Аутизм» диагнозы бар балалардың мектепте оқуы категориясы бойынша, 76% оқушылар мектебінде мұндай балалардың мүлдем оқымайтындығын көрсеткен болса, 24% оқушылар өзімен бірге «аутизм» диагнозы бар балалар оқитындығын көрсетті. В- «Аутизм» диагнозы бар балаларға деген қатынасы категориясы бойынша, оқушылардың тарапынан жағымды қарым-қатынас басымдылық көрсетті. Ол 100%-дың 85%-ын құрады. Мұны біз балалардың «қиын жағдайда көмек көрсетіп дос болуға дайынмын», «бұл диагноз ауру емес, керісінше, ерекшелік» деген жауаптарынан көре аламыз. Ал, қалған 15%-ы мұндай балалар қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін деген жауаптар көрсетті. Г- «Аутизм» диагнозын түсіну деңгейі категориясы бойынша, барлық сыналушылардың аутизм диагнозы бар балаларда өзіндік ерекшелік бар деп түсінетіндігін көрсетті. Д- «Аутизм» диагнозы бар досымен қарым-қатынасы атты категория жауаптарында, оқушылардың 100% «аутизм» диагнозы бар балалармен дос болуға дайын және қарсы емес екендігі анықталды. Е- «Аутизм» диагнозы бар оқушылардың сыныпта алатын орны категориясы бойынша, мұндай 60% сыналушы мұндай балалардың білімі жоғары десе, 20% ерекше өнері бар бала деп түсінеді. 12% оқушы өз жауаптарында, тәртіпті балалар деген ой айтса, ал қалған 8% оқушы бұл диагнозды түсінбейтіндіктерін көрсетті. Сыналушылардың жауаптарында, білімді, жазуы көркем, есепті шығару қабілеті жоқары деген жауаптары дәлел болып табылады.

Ж-«аутизм» диагнозы бар балаларға ұсыныс атты категория бойынша, сыналушылардың жауаптарының 44%-ы сабақтағы белсенділігіне қатысты ұсыныстары «сабақта белсендірек бол,

колынды көтер» деген жауаптарынан көрінсе, 40% сыналушы балалардың денсаулығына қатысты ұсыныстарын білдірсе, ал қалған 16% оқушы әртүрлі сипаттағы жауаптар көрсетті.

Жүргізілген анкета нәтижелерінің негізінде, бастауыш сынып оқушыларының аутизм дертіне шалдыққан балаға деген қатынасының жағымды сипатта екендігін, бұл дертті ерекше сапа ретінде түсінетіндіктерін, мұндай балаларды ортада шеттетпей, оларға достық қатынас көрсететіндіктерін байқадық. Сонымен қатар, зерттеу жүргізу барысында, ерекше әсер қалдырған жағдай ретінде, бастауыш сынып оқушыларының аутизм диагнозы бар балаларға тілеген тілектері мен ұсыныстарын атап өтуге болдаы. Ол жауаптарының негізінде, балалардың бойындағы шынайылық сезімдерімен айқын сипаттағы жағымды қатынасты көрсете аламыз. Нақтырақ айтқанда, аутизм диагнозы бар балаларға өз құрбыларының жағымды сипаттағы қатынастары, мұндай оқушылардың қоршаған ортадан қолдауды сезіне отырып, өздерін тұлға, қоғамның бір мүшесі екендіктерін толық сезінулеріне септігін тигізеді деп анық айтуға болады. Шындығында осы аурумен ауыратын бала өзін қоршаған әлемнен тысқары қалдым деген ойда болады. Ал егер қоғамның немесе қоршаған адамдар тарапынан адекватты, жағымды сипаттағы көзқараспен қабылдай алса, аутист бала аутизмнің тұңғығынан шыға алар еді.

«Spectrum United Now» қоғамдық қорының президенті Д. Жоламанованың айтуы бойынша бұл ауруды күрделі деп қарап, оның симптомдарынан қорқудың қажеті жоқ. Егер бұл дертті алғашқы сатыларында анықтап, баланы жүйелі түрде емдесе, көп нәрсені түзетуге болады.

Аутист балаға жалпы сипаттама берсек, аутизмге шалдыққан балалардың ой-өрісі биік болады. Өзінің зияткерлігін көрсете алуы үшін де олармен жақсы жұмыс жасау қажет. Барлығы баланың даму деңгейіне байланысты. Ол аутизмнің өте ауыр түріне шалдықса, отбасы ортасында бейімдеу керек. Аутизмге шалдыққан балалардың 60% қоғамға бейімдеуге болады. Ел қатарлы жұмыс істеп, отбасын құра алады.

Турасына келгенде, баланың аутизмге шалдығуының нақты бір себебі жоқ. Оған көптеген дүние себеп болуы мүмкін. Сондықтан қалыптасқан бірегей емдеу тәсілі де жоқ. Баланың ерекшеліктеріне байланысты коррекциялы жұмыс та, дәрі-дәрмекпен емдеу жұмыстарын да, тіпті баланың жанын түсіну барысында рухани көмек жүргізуге болады. Мысалға, аутист бала әлеуметтік адаптация мен дұрыс дамуы үшін әрдайым қолдау мен стимуляцияны қажетсінеді. Мұны тек аутизммен ауыратын баланың отбасы өздерінің қоғамнан және балабақша, мектеп, әлеуметтік орта сияқты қоғамдық бірлестіктерден көмек керек деген қажетсінулерін түсінген жағдайда ғана жасауға болады.

Қорыта айтқанда, жалпы қоғамның басым көпшілігінің аутист балаларға деген көзқарасы түрлі сипатта. Бірақ қоғам аутистерді ерекше тұлға деп қабылдағанымен, ғылым бұны психологиялық ауытқу деп санайды. Әр нәрсенің шешімі болатын сияқты, бұл аурудан да шығатын жол табылады. Тек аутизмді емдеу барысында жүргізілетін жұмыстар нәтижелі болуы керек. Қоғам ең алдымен аутистерді дұрыс көзқараспен қабылдай алса, аутизмнен құтылуға азда болса да септігін тигізеді деп ойлаймын. Ал қалғаны соя ауруға шалдыққан баланың өзіне байланысты. Алайда ұмытуға болмайтын нәрсе – ең бірінші міндет қоғамда жатыр. Себебі адам қоғамсыз өмір сүре алмайды және қоғам да адамдардан құралады. Ал аутистер - осы қоғамның бір бөлшегі.

Болашақта мен жас зерттеуші ретінде, бұл мәселені әлі де болса, жанжақты зерттеуді, нақтырақ айтқанда, аутизм диагнозы бар балалардың тұлғалық ерекшеліктерін эксперименталдық зерттеу жұмысын жоспарлап отырмын.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Захаров А.И. "Неврозы у детей и подростков". - Л., 1989.- 56 с.
2. Мясичев В.Н. "Личность и неврозы". - Л., 1980. – 46-48 с.
3. Хрестоматия по медицинской психологии". составитель Сапарова И.А. - Алматы, 2004.–87 с.
4. http://www.rusnauka.com/6_PNI_2013/Psihologia/9_130049.doc.htm